

**"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 және 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 наурыздағы N 186 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 және 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 және 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат; 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат; 2005 ж., N 22, 267-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы ереженің 11-тармағының бірінші абзацындағы ", ақпарат және спорт" деген сөздер "және ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат; 2005 ж., N 22, 267-құжат):

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ертісбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ермұхамет Қабиденұлы және ақпарат министрі, төрағаның  
орынбасары

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ержан Жалбақұлы және ақпарат вице-министрі, хатшы

Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім  
Азамат Құрманбекұлы және ғылым вице-министрі

Баталов - Қазақстан Республикасының  
Асқар Болатұлы Индустрия және сауда вице-министрі  
Жанасаев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Болат Бақытжанұлы министрінің орынбасары  
Шаймерден - жазушы, рәмізтанушы, Қазақстан  
Ербол Шаймерденұлы Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Тарихи-мәдени мұра  
департаментінің директоры

"Досжан - Қазақстан Республикасы Мәдениет,  
Ардақ Дүкенбайұлы ақпарат және спорт вице-министрі,  
Комиссия хатшысы"  
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Досжан - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Ардақ Дүкенбайұлы Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси бөлімінің  
меңгерушісі";

көрсетілген Комиссия құрамынан Ә.Ә.Исекешев, Д.А.Кәлетаев, Е.М.Қосыбаев,  
А.Б.Тасболатов, К.Н.Шәмшидинова шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*